

2011-2012 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

СҒЗЖ жетекшісі: оқытушы, магистр Кизеева Т. В.

Қоғамдық талапты қанағаттандыру мақсатымен байланысып тұрған жоғарғы білім маңызды әлеуметтік институт болып табылады, сондықтан ол ішкі және сыртқы өзгерістерге, процесстерге жылдам әрекет етуі керек. Мөлшері бойынша ұдайы өсіп, мазмұны бойынша жан жақты болып келе жатқан еларалық экономикалық байланыстар, ұлттық жоо кәсіптік білім алып жатқан жан-жақты мамандардың қажеттілігін қалыптастырады. Бұл ұлттық жоғарғы оқу жүйесін әлемдік деңгейге талпындыратыны сөзсіз.

Жоғарғы кәсіптік білім жүйесін дамытудың басты мақсаты – қоғамның, мемлекет пен тұлғаның ұзақмерзімді стратегиялық мүддесін қанағаттандыру, жоғарғы оқу жүйесін мақсатты және жүйелі түрде реформалау арқылы маман дайындау сапасын арттыру. Қазіргі таңда өсудің анықтауыш факторы болып өздігінен ойлай алатын, білімдерін жүйелі жетілдіріп, жаңа дағдыларға талпынатын кадрлар болып табылады.

Қазақстан Республикасы жоғарғы білімінің стратегиялық мақсаты - тұлға күш-қуатын арттыруға жағдай жасау және инновациялық, шығармашылық ойлау қабілеттері бар жоғарғыбілікті кәсіпқой жаңа ұрпақты қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы білім берудің басты міндеті болашақ маманның оның болашақ мамандығы бойынша жұмысына даяр болуына мүмкіндік беретін және Республика алдында тұрған көптеген міндеттерді орындауға қажет болатын білім мен дағды алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Нарықтық қатынас жағдайында кадрларды дайындау – мамандарды дайындаудың негізгі критеріі деп олардың кәсіпқойлығын, алған білімдерінің сапасын және оларды жұмыс орнында қолдана алатындығын санайтын халықаралық стандарттарға сай болуы тиіс. Халықаралық еңбек нарығында бәсекеге түсе алу үшін, тек қана терең кәсіби қарым-қатынас жасау үшін жоғары деңгейде шетел тілдерін меңгерген мамандардың санын арттыру керек.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ) қазіргі кезде оқыту үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Студенттердің зерттеу жұмысы студенттерді техникалық, гуманитарлық, экологиялық, ақпараттық және экономикалық білім салаларында алған білімін, сонымен қатар басқару дағдыларын жоғарылатудың құралы болып табылады және оларды өздіктерінің оқып-білулеріне және кәсіби жұмыстарына көмектеседі.

Студенттердің зерттеу жұмысы оқыту үрдісін жалғастыру және тереңдету болып табылады, оқытушылардың студенттермен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Осы істің түрлері мен нысандары көп, олар оқытушыларға әрбір студенттің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын есепке алуға мүмкіндік береді.

Д.Серікбаев атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің кез-келген студентінің өзінің білімі мен мүмкіндігіне байланысты ғылыми зерттеулер жүргізуге нақты мүмкіндіктері бар, сондықтан студенттердің әр түрлі зерттеу жұмыстарына қатысу масалық түрпатқа ие.

Қазіргі заман қоғам сұранысын қанағаттандыру мақсатында, нақты түрде: білікті мамандар дайындауда, сонымен қатар СҒЗЖ аясында студенттердің алатын білімін тереңдету және кеңейту мақсатында шетел тілдері кафедрасының оқытушыларымен келсі шаралар жоспарланды:

1. Студенттердің студенттік ғылыми-техникалық конференцияларға қатысуы, мақалалар басып шығару.

Әрбір оқытушы студенттердің ғылыми-техникалық конференцияға екі студенттік мақалаларын жазуға жетекшілік етеді. 42 мақала дайындау жоспарланып отыр: 21 баяндама тыңдалады, 21 ғылыми-техникалық жинақта басылып шығарылады. Үздік баяндамалар I, II,

III дәрежедегі дипломдармен бағаланады, сонымен қатар конференцияға қатсқаны үшін мадақтама қағазымен марапатталады.

ҒЗК өту мерзімі – 2012 жыл, сәуір.

ҒЗК жауапты – оқытушы, магистр Кизеева Т.В.

2. Студенттердің шетел тілінен олимпиадаға қатысулары (Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ).

Қазақстан Республикасының халықаралық аренаға тәуелсіз мемлекет ретінде шығуы - бұл жалпы қоғам үшін маңызды қадам. Бұл өзгерістер кәсіби білімі мен жоғары деңгейде шетел тілінің білімі бар техникалық мамандық мамандарының санын арттыруды қажет етіп отыр.

Техникалық мамандықтар студенттерінің шетел тілінен білімдерін тексеру мақсатында ШҚМТУ шетел тілдері кафедрасы ағылшын, неміс, француз тілдері бойынша Олимпиадалар өткізеді.

Олимпиадалардың мақсаты мен міндеті:

- шетел тілі бойынша білім тексеру, оны меңгеру мамандарды жоғарғы мектепте сәйкес мамандық бойынша даярлау бағдарламасында қарастырылған;
- лингвистикалық цикл пәндерін оқуға қызығушылықтарын арттыру;
- Студенттердің интеллектуалды және шығармашылық күш-қуаттарының дамуы.

Шетел тіліне Олимпиадаларға ШҚМТУ барлық мамандықтарының 1-2 курс студенттері қатысады, оларды оқытушы арнайы таңдайды

Қатысушылар саны шектелмеген.

Олимпиаданы өткізу мерзімі - 2012 жыл, сәуір.

Жауапты оқытушылар: Ағылшын тілі оқытушылары Леонова М.О., Рахметкалиева М.Т., Неміс тілі: - доцент Абдрахманова Т.М., оқытушы Павлова О. С.

3. 1-4 курс студенттерінің «Студенттік айырбас бағдарламалары» атты студенттік ғылыми үйірмеге қатысу.

«Студенттік айырбас бағдарламалары» атты студенттік ғылыми үйірме Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ шетел кафедрасында 2005 жылы құрылған, үйірме құрамын 1-4 курс студенттері құрайды.

Жауапты оқытушылар: доцент Семенова С.Д.

Орындау мерзімі – қазан – маусым 2011-2012 оқу жыыл.

«Студенттік айырбас бағдарламалары» студенттік ғылыми үйірменің мақсаттары:

- шетел тіліне қызығушылықтарын арттыру;
- студенттік айырбас бағдарламаларына өтініштерді толтыруға жаттығу, толтыру дағдыларын қалыптастыру.

«Студенттік айырбас бағдарламалары» студенттік ғылыми үйірмеде алған білімдері мен дағдылары студенттерге айырбас бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік береді.